

Ақтөбе ауылдық округінің Ақтөбе ауылы аумағында карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 09/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 наурызда № 2562 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 46/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 27.11.2015 № 46/02 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 814 «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 06.08.2015 № 32/03 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Ақтөбе ауылдық округінің Ақтөбе ауылы аумағында жылқылар арасында эпизоотикалық лимфангит ауруының пайда болуына байланысты карантин белгіленсін.

2. "Бұқар жырау ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабында белгіленген, жануарлардың жұқпалы ауруының таралуына жол бермеу мақсатында, эпизоотия ошағында және қолайсыз пунктте ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізу, қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды өткізсін

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 06.08.2015 № 32/03 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бұқар жырау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ербол Омарбаевич Садировке (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10

шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабымен көзделген шектеу іс-шараларының орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асхат Сағадидұлы Әлиге жүктелсін

Ескерту. 4-тармақ жана редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 06.08.2015 № 32/03 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұқар жырау ауданының әкімі Н. Кобжанов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы
ауыл шаруашылығы Министрлігі
ветеринариялық бақылау және
қадағалау Комитетінің
Бұқар жырау аудандық аумақтық
инспекциясы" басшысы
Е . Са д и р о в

2014 жылдың 14 наурыз